

Н.Б. Дүйсен^{1*}, Ғ. Есім¹, С.К. Кавус², А.О. Турсынбаева¹¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;²Кастамону университеті, Кастамону, Түркия(E-mail: nurs_db@mail.ru, garifollaesim@mail.ru, skibar@kastamonu.edu.tr, aigul_73kz@mail.ru)**Фәлсафа — мұсылман мәдениетінің туындысы**

Мақалада негізінен фәлсафа тарихы баяндалған, сондай-ақ менталитетті мұсылмандық дүниетанымды баяндауға арналған. Өз тарихында фәлсафа — IX-XVI ғғ. аралығын қамтиды. Бұл араб түбегінде бастауын алып, Батыс Еуропа мәдениетіне елеулі әсер еткен айрықша ілім. Асылында, фәлсафаның мақсаты Платон, Аристотель еңбектерін қайта түлету болса, осы міндет мұсылмандық дүниетаным желісімен атқарылып, араб тілі арқылы амалға асты. «Фәлсафа» төңірегінде топталған дау мен мәселелер қазір де азаяр емес. Фәлсафа тек антиктік ғылымды араб тілінде аударған тәржімашы қызметтегі ғылым деп санаға еніп жатыр. Олай айту әсте мүмкін емес. Ортағасырдағы ислам ғалымдарының антикалық жаратылыстанулық ғылымдарды мирас етіп, мұсылмандық дүниетаным тұрғысынан насихаттауы сөз болды. Негізгі мәселе ретінде мақалада фәлсафа мен философияның сенім мен таным тұрғысынан және мазмұндық жағынан ерекшелігін айқындау жазылды. Сонымен қатар, фәлсафадағы білім мен діннің табиғи ортақтығын бағалау сондай-ақ, діннің білімсіз қатерлігін, дінсіз білімнің де негізсіз болатындығын саралау. Авторлар мақалада фәлсафа ұғымын, оның қоғамдық құндылығын арттырудың мақсаты мен міндеті тиісінше кеңінен талқылаған. Кенде қалған фәлсафаға қазір ғалымдар мен зерттеушілер тарапынан қолдау аса қажет. Сондай-ақ фәлсафа мен философиядағы дін мәселесі тақырыптың негізгі арқауы. Осыған орай Батыс Еуропа философтары мен мұсылман ғалымдарының дін туралы түсінігі басты назарға алынған.

Кілт сөздер: фәлсафа тарихы, мұсылмандық дүниетаным, ислам, араб-мұсылман мәдениеті, араб тілі, дін, ислам әлемі, схоластика, жар ұғымы, философиялық тұжырымдар.

Kipicne

Орта ғасырдағы ислам дінін ұстанушы мұсылман елдерінде ғылым мен білімнің гүлденген тұсы осы елдегі араб, парсы және түркі ғалымдарының антикалық жаратылыстанулық ғылымдарды мұра ете отырып, оны араб тіліне аударып, мұсылмандық дүниетаным тұрғысынан насихаттауы еді. Сол арқылы араб-мұсылман мәдениеті қалыптасты. Ислам діні және араб тілі — біршама халифатты құраушы күш болды. Тарихтан белгілі болғандай ислам дінін насихаттаушы араб халифтері «жиһад» жолымен исламды күштеп ендіру мақсатында көрші елдерге жаулаушылық жорықтар жасады. Алайда оның өміршең болмайтындығын өркениет дәлелдеп берді. Көптеген араб зиялылары дінді ұран етіп соғысудан пайда жоқтығын түсінді. Ендігі кезекте олар қарудың емес қаламның ұшына сенді. Осылайша араб-мұсылман ойшылдары антикалық дәуірден қалған білім, ғылыми жәдігерлерімен айналыса бастады. Антикалық дәуірдегі Платон, Аристотель сынды философтардың көптеген еңбектері араб тіліне аударылды. Осы тұста көшпенді бәдәуилердің басын құраған Араб халифатында араб тілі — мемлекеттік тіл болды және айрықша беделді иеленді. Сол кезеңде мәдениеттіліктің, сауаттылықтың, зиялылықтың бағамы араб тілін білумен өлшенетін болды. Араб тілінің әсерінің жоғары болғаны, батыстық философтар да араб тіліне ерекше қызығушылық танытты және араб тілінде жазылған философиялық еңбектерді өз ізденістерінде кеңінен қолданды. Ислам дінінің де білім мен ғылым саласына қосқан үлесі айрықша. Исламның өзге діндерден де айырмашылығы сол, онда білім, ілімге қатысты шектеулер болмады. Оған дәлел, сол уақыттағы халифатта ойшылдар мен философтардың, аудармашылар және комментаторлардың көп болғандығы. Сонымен қатар ғылыми орталықтардың, университет, медресе сынды білім ошақтарының көптеп ашылуы соның айғағы. Ислам діні білім мен ғылым жолына қолдау беріп ерекше дем берді. Соның арқасында мұсылман зиялылары антиктік ғылымды түбегейлі жетілдіріп ерекше үлгіде дамыта білді. Тап осылай араб-мұсылман философиясы өркениет көшінде өзіндік із салды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: nurs_db@mail.ru

Зерттеу әдіснамасы

Тақырыпты зерттеуде мақалада отандық ғылым тарихындағы фәлсафаның орнын айқындау, сондай-ақ оның қоғамдық құндылығын насихаттауда тарихи-мәдениеттанулық және аксиологиялық әдістер қолданылды. Тарихи-мәдени зерттеу барысында фәлсафаның тарихи типологиясы жасалынды. Әдетте, типологияның өлшемдері: тарихи, географиялық, аймақтық немесе ұлттық болып бөлінеді. Осы мақалада фәлсафаның типологиясын анықтауда саяси-географиялық өлшем қолданылды. Өйткені, фәлсафа араб тілі негізінде ғана емес, ол саяси негіздерде жүзеге асқан феномен. Сәйкесінше, фәлсафаның тарихи-мәдени кезеңдері белгіленді. Мәдениеттанулық зерттеу тұрғысынан келсек, фәлсафа — мұсылман мәдениетінің туындысы. Сондықтан ол мұсылман елдерінің ойшылдарына тән дүниетаным. Тиісінше, араб халифтері және елдің зиялы қауымы мұсылман мәдениетінің, өнерінің деңгейін жоғары көтеру қажеттілігін ұғынды. Зерттеу барысында ортағасырлық араб-мұсылман ойшылдарының және батыстық философтардың еңбектерінен үзінділер келтірілген және оған авторлық пайымдаулар жасалынды. Фәлсафа өз кезегінде араб-мұсылман ойлау жүйесінің ірі өкілі әл-Киндиден бастап, әл-Фараби, ибн-Сина, әл-Ғазали, Ибн Рушд т.б., сонымен қатар еуропалық ғалым Б. Расселдің еңбектері де қарқынды зерттелді. Қала берді отандық ғылымда фәлсафа турасында іргелі ізденісте жүрген Ғ. Есім мен Б. Айнабеков сынды ғалымдардың зерттеу жұмыстары да мақалаға арқау болды.

Нәтижелері мен пікірталас

Араб-мұсылман философиясы кейбір тілдегі әдебиеттерде «араб тіліндегі философия» яки «араб философтары» деп аталады. Өйткені аталған ұғымға араб ойшылдарынан бөлек жоғарыда айтқан түркі, парсы халықтарының зиялылары да кіреді. Сәйкесінше Әбу Насыр әл-Фараби түркіден шыққан ойшыл, ибн Сина парсыдан шыққан ғұлама ретінде екеуі де «араб философтары» деп аталынады.

Жалпы «араб тіліндегі философия» ғылым саласында «фәлсафа» деген атауға ие. Өз тарихында фәлсафа — IX-XVI ғғ. аралығын қамтиды. Бұл араб түбегінде бастауын алып, Батыс Еуропа мәдениетіне елеулі әсер еткен айрықша ілім. «Фәлсафа» төңірегінде топталған дау мен мәселелер қазір де азаяр емес. Фәлсафаның мәнін айқындауда академик Ғарифолла Есім ұстаздың түсіндірмесіне жүгінсек: «1991 жылы Москваның «Наука» баспасынан жарық көрген «Исламның энциклопедиялық сөздігінде» фәлсафа туралы мынадай түсінік берілген: «ал-фалсафия — термин, которым в средневековой мусульманской литературе обозначали философию мыслителей, ориентировавшихся на античные модели философствования и называвшихся фаласифа (ед.ч. файласуф), а также саму античную философию» (С. 250). Осы жолдардан мына жайттарды аңғаруға болады. Алдымен, фәлсафа ол философияның арабшаланған формасы, яғни араб тілі өз кезегінде орта ғасырларда ойлау мәдениетінің тілі болып отыр. Екіншіден, фәлсафа мұсылман мәдениетінің жемісі және мұсылман елінің файласуфтарына тән дүниетаным. Қайсы бір файласуф болсын, мұсылмандық шартқа, ислам қағидаларына қарсы келмеген, қайта әлемдік мәдениетті мұсылмандық дүниетаным тұрғысынан саралап, соған сай бейімдеген.

Қазіргі таңда фәлсафа турасында кейбір философиялық әдебиеттерде сыңарезулік сипат белен алып отыр. Фәлсафа тек антиктік ғылымды араб тілінде аударған тәржімашы қызметтегі ғылым деп санаға еніп жатыр. Олай айту әсте мүмкін емес. Бұл сөзімізге орыстың ғалымы А.А. Игнатенконың мына пікірін дәлел ретінде келтіруге болады: «Фальсафа не стало простым переводом на арабский язык античной философий, она — новый во многих отношениях более высокий этап развития человеческого мысли... Идеи фаласифа стали в последующем одним из могучих импульсов становления» [2]. Фәлсафашылар грек философиясын араб тілінде жазумен қатар оны мұсылмандық дүниетаныммен ұштастырып, ойлау мәдениетінің жаңа формасын жасаған. Б.Э. Быховскийдің пікірі осыны айғақтайды: «Извлечение из мрака исторического забвения и воскрешение в памяти человечества многогранного учения Аристотеля, обнаружение и распространение затерянного философскогоклада перипатетизма стали выдающейся заслугой арабской философии раннего средневековья» [3]. Батыс философиясы мен фәлсафа арасындағы байланыс XI ғасырдағы Батыс Еуропалық схоластар мен Р. Бэкон, С. Брабантский еңбектерінен ерекше орын алды. Осы турасында заманында И.Г. Гердер былайша топшылайды: «Арабтар болмаса, Гердер де, Альберт Великий де, Вилла Новалық Арнольдте, Роджер Бэкон де, Луллия Раймуидта болмас еді. Олардың бәрі Испанияда арабтардан оқыды немесе солардың шығармаларын оқыды. Тіптен Фридрих II-нің өзі де араб кітаптарын кітаптарын аударуға қамқор болып, ғылымдардың жандануына жағдай жасады» [4].

Ал әйгілі Р. Генонның айтқан мына тәмсілін алға тартуымызға болатындай: «Схоластика деген атаумен танылған ортағасырлық философия: мұсылмандық, иудейлік сондай-ақ христиандық болып бөлінеді. Алайда, оның дәл осы мұсылмандық саласы қалған екеуінің бастау көзі болды. Әсіресе иудейлік схоластика Еуропада ол тұста араб тілі арнасында гүлденді. Мысалы, иудей философиясының кейінгі Спинозаға дейінгі ғасырларға дем берген Мұса ибн-Маймунның аса маңызды шығармалары осыған көз жеткізді. Спинозаның өзінен де ибн-Маймунның кейбір идеялары қылаң беріп отыруы тектен тек емес» [5].

Сондай-ақ фәлсафа антикалық философия мен батыстық Батыс Еуропа философиясы арасында алтын көпір бола білді. Өйткені Еуропада осы фәлсафаның арқасында ұмыт болған грек философиясы қайта жанданып, дамуын тездетті. Бұл сөзімізге дәлел ретінде А.Ф. Лосевтің пікірін айтуға болады: «Поскольку нашк изложение эстетики Ренессанса пытается развивать единую логическую линию, то, пожалуй, о нем будет удобным упомянуть именно сейчас. Здесь он интересен для нас как представитель учения двойной истине, которое тоже весьма заметно способствовало выделению искусства в особую область, размежеванию его религией и глубокому вхождению в его специфику. Подобного рода учение развивалось еще далеко до европейского Возрождения, именно у арабского философа Аверроэса. В XIII и XIV в связи с растущей либерализацией художественной области подобного рода учение, несомненно, получало большое значение. На ряде основных деятелей искусства Высшего Ренессанса мы легко убеждаемся в очередности для тех времен этой личностно-материальной концепций, которую нетрудно было нам угадывать у всех рассмотренных выше деятелей Высшего Ренессанса и которую Помпонации сам не понимая того и может быть даже вопреки себе, так глубоко укрепил своей теорией «двойной истины» [6]. Оның «личностно-материальная концепция» дегенін қазақша баламасы былай: «ол дегеніміз Жаратушы және оның жаратқандарының біртұтастығы. Жаратушыны танып білу, пендеге арналмаған, алайда оның жаратқандарын мойындау мүмкіндігі баршылық. Бұл дегеніңіз мұсылмандық дүниетанымға сәйкес фәлсафаның басты мәселесі болмақ. Аталған идеяны хакім Абай былай жеткізген: «Безендірген жер бетін Тәңір шебер». Біз ғаламды Жаратушының қалай жаратқанын ұғына да түсіне де алмаймыз. Сыры тек Жаратқанның еншісіндегі шаруа. Ал жаратылғандарды тану, түйсіну адамзаттың міндеті. Қайта өрлеу дәуіріне фәлсафаның үлесіне келгенде тек христиандық бағытта ғана емес, мұсылмандық негізде де болғаны жөн деп білеміз.

Қайта өрлеудің әлемдік мәдениет тарихында алатын орны оның діни партикуляризмді жеңіп, жаңа түсінік, жаңа дүниетаным ұсынуында еді, оны Еуропа гуманизм дәуірі деп атап кеткен. Өйткені биік гуманизм діни саналардан, әрине, жоғары болуы түсінікті. Күні бүгінге дейін Қайта өрлеу заманы қалыптастырған жаңа дүниетанымды зерттеушілер ескермей келеді. Бұл жаңа дәуір басы болатын, бірақ өкінішке орай, оның ғұмыры ұзақ болмады. Қайта өрлеуден кейінгі келген Жаңа заман философиясы деп аталатын тарихи-мәдени феномен Батыс Еуропалық арнаға түсіп, мәдениет тарихында Шығыс және Батыс деген дилемманы өмірге әкелді. Жаңа заман философиясында араб тіліндегі фәлсафа ғана ұмыт болған жоқ, Еуропада аверроизм деп аталған ілімді жақтаушылардың аса көрнекті өкілі С. Брабанский есімі де ұмыт болды. Сондықтан да Еуропада араб тіліндегі философияны, яғни фәлсафаны бағалау христиандық дәстүрде болып отырды. Басты мәселе ретінде Платон мен Аристотельді араб фәлсафаларының түсінігінен тазартқан түрде, олардан христиандық дәстүрдегі ойшылдар жасау мақсаты тұрды. Осындай сыңаржақ көзқарас туралы Р. Генон өзінің «Еуропаға ислам өркениетінің ықпалы» деген еңбегінде нақты көрсеткен.

Сәйкесінше Батыс Еуропа ғалымдарына грек, латын және араб тілдерін меңгеруге тура келді. Осы турасында XX ғасырда өмір сүрген ағылшындық ұлы ойшыл, математик Бертран Рассел былай дейді: «Мы обязаны арабам в знании греческой философии, потому что, когда ее снова начали изучать в Европе, требуемые технические термины были взяты с греческого или латинского языков. Контакт с магометонами в Испании и в меньшей степени в Сицилии способствовал ознакомлению Запада с Аристотелем, а также с арабскими цифрами, алгеброй и химией. Именно этот контакт содействовал возрождению эрудиций в XI веке, приведшему к схоластической философии» [7].

Фәлсафа тарихы турасында сөз болғанда, әдетте ол мутазалиттік мектептің ірі өкілдерінің бірі әл-Киндиден өз бастауын алып, соңында Ибн Рушдқа келіп табан тірейді. Фәлсафа тарихының типологиясын анықтауда тағы да осы фәлсафа хақында тынбай ізденіс үстінде жүрген Ғарифолла Есім ұстаздың келтірген үш тарихи кезеңді үлгі еткен жөн: «Біз фәлсафаның типологиясын анықтауда саяси-географиялық өлшем қолдандық. Себебі, фәлсафа араб тілі негізінде ғана емес, ол саяси негіздерде жүзеге асқан феномен. Осы тұрғыдан оның үш тарихи кезеңін белгіледік. **Бірінші кезең.** Бағдат халифатына қатысты, әл-Кинди, «Таза ағайындар» еңбектеріне байланысты қарастырылатын тарихи

мәдени кеңістік. **Екінші кезең.** Орта Азия мен Қазақстан аумағында ерекше түрде дамыған фәлсафа, оның өкілдері: әл-Фараби, Ибн Сина, Омар Хаям, Аттар, әл-Газали, т.б. Бұлар парсы–түркі жұртының ойшылдары. **Үшінші кезең.** Мұсылман испаниясындағы еуропалық фәлсафаның тарихи-мәдени кеңістігі, оның өкілдері: Ибн Бадж, Ибн Туфейл, Ибн Араби, Ибн Рушд»[1, 9].

Сонымен, фәлсафа немесе мұсылмандық дүниетаным төрт географиялық аймақта өніп өсті. Сондай-ақ фәлсафаны таза күйінде қабылдап алу да өте қиынға соғары белгілі. Өйткені онымен қатар мұсылман дүниетанымында мутазилиттер, калам, суфизм секілді мектептер өз кезегінде қалыптасқан болатын. Олардың бір-бірінен аса қатты айырмашылық байқалмайды. Мутазилизмді исламдағы бір бағыт деп анықтау баршылық. Әдетте мутазилиттер рационализм мен білім тарапында қалып, халифаттың билік жүйесін зиялылық тұрғысынан қарастырған. Мутазилиттер әділдік Алладан түскенмен, Қасиетті Құранның діни догмаға айналуына үзілді-кесілді қарсылық көрсеткен.

Тиісінше, мутазилизмді каламның белгілі бір бөлігі деп айту да шындыққа онша жанаса қоймас. Себебі, калам өз кезегінде исламдағы қағидаларды логикалық бағытта қарастыруға аса бейім және аса зор діни беделге ие құрылым. Е. Бертельстің нұсқауы бойынша каламның дамуында Грекиядағы гностиктердің рөлі айрықша болған. Мутазилиттер мен мутакалимдер негізінен бір-біріне кереғар болса да, Ибн Халдунның ойынша, мутакалимдердің өз еңбектерінде калам мен фәлсафаның мәселелері бір-бірімен астасып жатыр және біртұтастықта қарастырылады.

Сөз етіп отырған фәлсафаның өзіндік тарихын Ибн Халдуннан асып танып-білу әсте мүмкін емес. Сондықтан исламның негізін салушылар ретінде танылған әл-Матруди және әл-Ашариді фәлсафаның дүниеге келуінің басқы алғышарты деп түсіну қисынға келеді.

Бүгінгі таңда ғылымда «Философия мен фәлсафа бір қазанда қайнайтын ілімдер» деген көзқарас жоқ емес қоғамда. Хош, кейбір отандық философ ғалымдарымыздың ойынша фәлсафа — ол тек философияның арабшаланған түрі, антикалық дәуірдегі философиялық ойларды орта ғасырда араб тіліне аударып және ортағасырлық мұсылман зиялылары оған тек комментарий берумен шектелген. Әрине, ақиқат тұжырым осы дей алмаймыз. Өйткені фәлсафа жоғарыда келтіргеніміздей, ортағасырдағы ерекше ойлау формасы болды. Асылында, философия мен фәлсафаның негізгі түбірі бір, сенім және таным мәселесі жөніндегі тұжырымдары ұқсас болғанымен, мазмұн жағынан едәуір айырмашылықты көреміз. Осыған бірінші философия тұрғысынан келсек «Фәлсафа мұсылман мәдениетінің туындысы — соған орай мұсылмандық ойлау принципіне негізделген мұсылман ойшылдарына тән ерекше (аян) ойлауға баратын менталитетті мұсылмандық дүниетаным, философия — христиандық менталитет пайымдауы негізіндегі ілім», – дейді белгілі ақын, дінтанушы ағамыз Бақтыбай Айнабеков [8]. Осы пікірден айғақ сол, қазіргі ғылымдағы қолданыста жүрген философия христиандық бағытта белең алған өріс. Бұл пікір қоғамда үрей туғызуы мүмкін әрине. Немістің атақты философы Карл Ясперстің сөзіне сүйенсек: «Библия и библейская религия являются основой нашего философ, дают нам постоянную ориентацию и служат источником незаменимого содержания. Философствования Запад — признается это или нет — всегда связано с Библией, даже тогда, когда оно борется с ней» [9]. Сөзімізді тағы да тарлан тарих куәландырады... Философия өз бастау–бұлағын Ежелгі Грекиядан алғандығы белгілі. Алайда ортағасырда антикалық философия ұмыт қалды, архивке айналды. Оны X ғасырда қайта жандандырған араб-мұсылман ойшылдары еді. Араб-мұсылман файласуфтарының арқасында Фома Аквинскиден басталатын Батыс Еуропа философиясы антиктік философиямен қайта қауышып, сол аудармалар себеп жаңаша еуропалық ойлау мәдениетін өмірге әкелді. Кейіннен 1920 жылы Парижде (Франция) өткен конференцияда антикалық Аристотель философиясын қайта түлету ісі қолға алынды. Негізгі мақсат, антиктік ғылымды ислам философиясынан мүлдем ажыратып, католицизм негізінде жаңашаландыру болды. Бұл христиан дінін ұстанушы католиктер мен Батыс Еуропа философтары үшін тиімді еді. Одан қала берді кейбір елдерде философия идеологияның құрбанына айналды.

Дін мәселесіне келгенде философия мүлдем бөлек бағыт ұстанды. Философия дінді тіптен қажетсінбеді. Дін білім қатарына қосылмады, ғылымдық санаға енбеді. Өйткені философиялық ойлау жүйесінде Жаратылыс туралы сөз бар, ал, Жаратушы туралы мүлдем айтылмайды. Оған кезіндегі маркстік-лениндік философиядағы атеистік көзқарас айқын дәлел. Ғылым мен философия дінге қарсы деген түсінік сол кезеңдерде пайда болды. Ал, фәлсафашылардың дінді жою ниеттері жоқ болатын. Өйткені фәлсафа дінмен тікелей байланыста болды. «Исламдағы файласуфтардың барлығы тақуа еді, және олар өздерін пайғамбардың сүйікті перзенттеріміз деп есептеді. Әрине, файласуфтардың ғылыми және фәлсафалық ойлары антикалық танымға жақын болды. Файласуфтарға рационалды пайым мен сенімді бірлестірген күйде өмірде объективті көзқарас қалыптастыру қажет болды» [10].

Фәлсафашыларда Жаратушы абсолютті ақиқат болды. Фәлсафаның негізін қалаушылардың бірі әл-Фараби өзінің «Ғылымдардың шығуы туралы» атты трактатында былай деген: «Білгейсің, субстанциялар мен акциденциялардан басқа және сол субстанциялар мен акциденцияларды жаратқан мәңгілік жарылқаушыдан (Жаратушыдан) өзге ештеменің жоқ екенін. Осыдан соң бұлардың жаратушысы бар ма әлде оны ешқандай жаратушысыз көзге елестету мүмкін бе дегенді қарастырамыз. Осыны зерттеу себепті Хақ Тағаланы танимыз. Ол бар. Бұл ғылым ең жоғарғы табиғат ғылымы — метафизика немесе құдіретті ғылым деп аталады. Ғылым осымен тәмам» [1, 59-63]. Фәлсафадағы Құдай туралы түсінікті ағылшын ғалымы К. Армстронг былай сипаттайды: «Файласуфтар Құрандағы Алла мен грек философтарының Құдайының бір екеніне күмәнданбады. Олардың ойынша, рационализм — діннің ең ғажап формасы. Сондықтан олар Киелі кітапта айтылған Құдай идеясынан да, биік идея қалыптастырды. Олар үшін Құдайға мына дүниеде интеллектуалды категориядан тыс орын беру және дінді адам болмысынан тыс әлемнен іздеу — дұрыс шешім болып көрінбейтін. Олар дінін тек қарадүрсін нәм тар шеңберден шығаруға тырысты» [10, 179-180]. Жоғарыда келтірілген тәмсілден ұғынарымыз сол, христиандық Киелі Кітаптағы Құдай мен ежелгі грек философиясындағы Құдай бейнесінің арасы жер мен көктей болып отыр. Өйткені көне грек философтарының Құдайы Киелі кітаптағы Құдайдан анағұрлым айырмашыққа ие болғандығы белгілі. Бұл сөзімізге дәлелді тағы да К. Армстронгтан табамыз: «Платон мен Аристотель есептейтін жоғарғы болмыс, ол уақыттан мүлдем тысқары және бұл өмірге әсте енбейді. Өткінші дүниенің күйбең тіршілігіне араласпайтын, сондай-ақ, адамзатқа өзін жария қылмаған. Ғаламды жаратушы емес, сәйкесінше, арғы дүниеде адамды соттан өткізбеген. Ғаламның бастауы да, ортасы мен соңы да болмаған, себебі әлем сол Құдайдан басталған» [10, 180].

Философия мен фәлсафалық дүниетанымның ара-жігін сараптай келе шығатын нәтиже, ортағасырдағы ойлау мәдениетінің жаңа үлгісін қалыптастырған фәлсафалық дәстүрді, осы фәлсафаның негізін қалаушылардың бірі Әбу Насыр әл-Фарабиден бастап, ХХІ ғасырдағы хакім Абайдың даналығына дейінгі тарихи-мәдени уақытты, заман шындығын қазіргі жас ұрпаққа кәделі түрде қалдыру және олардың санасында инновациялық ойлау жүйесін қалыптастыру. Фәлсафадағы білім мен діннің табиғи ортақтығын бағалау сондай-ақ, діннің білімсіз қатерлігін, дінсіз білімнің де негізсіз болатындығын саралау. Осы бір тәмсілді егеменді елдің ойлау мәдениетінде гүлденуін қамтамасыз ету болмақ. Осы жолда қазіргі білім беру орталықтарында фәлсафаны жіті оқыту қажет. Жоғары оқу орындарында болашақ фәлсафа мирасқорларын дайындауды магистратура және Phd докторантура бөлімдерінде фәлсафа бойынша бірнеше пәндер легі оқытылуы тиіс. Фәлсафаның әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина, Аттар, әл-Ғазали, Ибн Рушд сынды ұшқыр ойлы файласуфтардың, сонымен қатар, қазақтың озық ойлы кемеңгерлері Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіптің еңбектері университет қабырғасында фәлсафа бойынша айрықша зерттелуі тиіс міндет. Осы бағытта араб тілі де ерекше назарға алынуы тиіс. Өйткені, жоғарыда келтірген ғұламалардың ғаламат еңбектерін тану және оны ұлт руханиятына тарату үшін тілдің қызметі аса маңызды.

Қорытынды

Қазіргі уақытта отандық ғылымда өкінішке орай фәлсафаның орны әстә еленбей отыр. Сәйкесінше, біздің қоғамда осы бағытта ізденіс алып жүрген ғалымдарымыз да саусақ санынан ары аспай тұр, әрі арнайы ғылыми әдебиеттер де тапшы. Бұдан топшылайтын түйін, фәлсафа бүгінгі таңда қазақ ұлты үшін өз иелілігін ала алмай отыр. Қазақта бұрын-соңды философия болмаған, қазақта фәлсафа бар. Философияның санаға қалай сіңгені әмбеге аян. Кеңестік кезеңде жетпіс жыл бойы атеистік көзқараспен қазақты құдайынан айырған солақай саясатта идеологияның құрбанына айналған философияның ұлт руханиятында күні бүгінге дейін сақталуы ойландырар дүние. Сондықтан фәлсафа қазақ санасында ерекше ойлау формасы ретінде таңбалануы тиіс. Өйткені фәлсафа біріншіден, осыған дейін ислам дінінде болған қазақ қоғамы үшін аса зәру ғылым. Екіншіден, бұл ілім қоғамда кеңінен насихатталып, отандық ғылымды өзінің лайықты межесін табар болса, гуманизм деген дінді басынбай, ұлт тәрбиесінің нағыз бағдаршамы болып, қазақтың ері намысымен, төменетектісі қылығымен табысар еді. Себебі, фәлсафа мистик әрі ардың ғылымы. Тәуелсіз Қазақстанның жоғары оқу орындарында қазіргі уақытта басымдық фәлсафадан гөрі философияға көп бөлініп отыр. Осы күнге дейін философия деген ұғымды мейлінше қолданып келдік. Ойлау мәдениетінің басқаша сапалық түрі болады дегенге мән бермедік. Білім, ғылым саласы елімізде тек батыс өркениетінің негізінде қалыптасқандықтан, ойлау жүйеміз де философиялық ұғыммен шектелді.

Біз философиямен фәлсафаның ара-жігіне жоғарыда өз дәлелдерімізді келтірдік. Басылым беттерін, оқулықтарды, ғылыми кітаптарды оқып отырсақ, философия деген сөзді оңды, солды мән-мағынасын түсінбей қолдана берушілік аңғарылады. Мысалы, ислам философиясы, араб философиясы дейді. Қалайша араб, ислам философиясы болмақ? Дінге қарсы ілім арқылы қалай біз ислам философиясын таразыламақпыз. Сонымен бірге түркі, қазақ философиясы дейміз. Бұл да орынды айтылған сөздер емес. Қазақ философиясы деу, уақытында айтылған, амалсыз сөз тіркесі. Кезінде біз қазақ философиясы деп айтуға зар болдық. Шынын қуалап келсек, қазақ философиясы жоқ, қазақтың пәлсапасы бар, себебі қазақ халқы ешқашан дінсіз болмаған. Қазақтар дінді білім деп қабылдаған. Білім ошақтарынан философияны оқытпау керек деп шолақ ақылмен шешім шығармас болар, дегенмен исламмен иманға бекіген мұсылман мемлекеті ретінде таразы басын фәлсафа еңсеріп отыруы қажет. Бұл ойдың мәнісі тарихтың астында қалған байырғы халифатты аңсау емес, керісінше оның өркениетке жол ашар білім мен ғылымын игеру. Тәуелсіз елдің тәуелсіз ойлау жүйесіне реформа керек. Көрші өзбек еліндегі кафедралардың аты «Фалсафа және ұлттық идея» деп өзгертілген. Біздегі философия кафедраларының атауы сол баяғы қаз-қалпында. Неге дейсіздер ғой, кезінде қарқынды түрде даярланған «базалық білімдері» тек Гегель, Кант, Маркс, Лениндерді оқып, үйренумен болған, соның нәтижесінде саналары сіресіп, ескі ойлау жүйесінде қалыптасқан кадрлар әлі де жоғарғы оқу орындарында қызмет етуде.

Тәуелсіз ел өзінің білім жүйесіндегі, әсіресе гуманитарлық пәндерге қатысты ешқайда жалтақтамай, халқымыздың табиғатына, болмысына сай, білімдер жүйесін қалыптастырып, (әрине әлемдік ғылымдағы жетістіктерді ескере отырып), жаңа гуманитарлық білімдер жүйесін ретке келтіріп, тың классификаторлар жасауымыз аса қажет. Бұл мәселеде біз айтарлықтай мерзімге кешігіп қалдық, ендігі жерде одан әрі осы қалыпта қалсақ, біз келешектің обалына қалмақпыз. Ендігі жерде бізге «Жаңа заман философиясы» сияқты «Жаңа заман фәлсафасы», әл-Киндиден — әл-Машаниге дейінгі әлемдік фәлсафа ілімінің, мұнымен қатар әл-Фарабиден — әл-Машаниге дейінгі қазақ фәлсафасының тарихы керек. Бұл аралықта Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, Ахмет Яссауий, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Мырза Мұхамед Хайдар Дулати тағы басқалардың фәлсафаларымен танысамыз. Бұдан соң қазақ фәлсафасының типологиясын белгілеу қажет. Әлбетте, ілімдегі қазақ деген сөзді бұрын естімегендер шоршып түсуі мүмкін. Дегенмен, типологияның өлшемдері тарихи, географиялық, аймақтық немесе ұлттық болса, қазақи өлшем неге естен шығуы тиіс. Бұл да оңай шаруа емес. Қазақта ерекше ойлау менталитетіне ие болғандар баршылық қой. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ ойшылдары Абай, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов тағы басқа даналар міне, сондай ойшылдарымыз және алғаш мектеп табалдырығын арабша имани білім алумен ашқандар. Олар ой еркіндігін өз дүниетанымының басты принциптерінің бірі етумен бірге жаңа ұлттық ояну фәлсафасын ұсынғанын да ұмытпауымыз керек. Кенде қалған фәлсафаға қазір ғалымдар мен зерттеушілер тарапынан қолдау аса қажет. Алланың аян ілімі фәлсафаның тағдырына алаңдайтын қазақ шықса, фәлсафаның қазаққа берері де таусылмақ емес...

Әдебиеттер тізімі

- 1 Есім Ғ. Фалсафа тарихы: оқулық–хрестоматия / Ғ. Есім. — Алматы: Раритет, 2004. — 304 б.
- 2 Игнатенко А.А. Философское наследие и современная идеологическая борьба в арабских странах / А.А. Игнатенко // Философское наследие народов Востока и современность. — М.: Наука, 1983.
- 3 Быховский Б.Э. Сигер Брабантский / Б.Э. Быховский. — М.: Мысль, 1979. — 29 с.
- 4 Есім Ғ. Дүниетаным баяны / Ғ. Есім. — Алматы: «Дәуір», 2020. — 400 б.
- 5 «Ақиқат» журналы. — 1994. — № 7. — Б. 42.
- 6 Лосев А.Ф. Эстетика Возрождения / А.Ф. Лосев. — М.: Мысль, 1978. — 214 с.
- 7 Рассел Б. История западной философии / Б. Рассел. — Ростов-н/Д.: Феникс, 1998. — С. 328, 329.
- 8 Abai.kz. Ақпараттық порталы [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://abai.kz/post/6296>
- 9 Ясперс К. Смысл и назначение истории / К. Ясперс. — М.: Республика, 1994. — 446 с.
- 10 Армстронг К. Иуадизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны / К. Армстронг. — Алматы: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2018. — 432 б.

Н.Б. Дүйсен, Г. Есим, С.К. Кавус, А.О. Турсынбаева
Фальсафа — творение мусульманской культуры

В статье раскрыты этапы формирования фальсафы, а также менталитета мусульманского мировоззрения. История развития фальсафы объединяет в себя IX–XVI века. Это особое учение, которое берет свое начало с Аравийского полуострова, оказавшее значительное влияние на западно-европейскую культуру. В то время целью фальсафы было возрождение трудов Платона, Аристотеля, эта задача была реализована по линии мусульманского мировоззрения и через арабский язык. Споры и проблемы, сгруппированные вокруг фальсафы, до сих пор не утихают. Авторами настоящей статьи этот вопрос был подробно освещен. Речь зашла о пропаганде античных естествознания исламскими файласуфами Средневековья с точки зрения мусульманского мировоззрения. В качестве основного вопроса авторами прописано определение специфики фальсафы и философии с точки зрения веры и познания. Основное внимание уделено высказываниям западно-европейских и мусульманских философов о религии. В статье приведены взгляды таких философов, как Г. Есим, А.А. Игнатенко, Б. Айнабеков, С. Бранбантский, Б. Рассел, К. Армстронг, К. Ясперс, Б. Э. Быховский и других.

Ключевые слова: история фальсафы, мусульманское мировоззрение, ислам, арабо-мусульманская культура, арабский язык, религия, исламский мир, схоластика, понятие «супруг», философские выводы.

N.B. Duysen, G. Yessim, S.K. Kavus, A.O. Tursynbayeva
Falsafa is a work of Muslim culture

This article mainly tells the story of Falsafa, and also tells about the mentality of the Muslim worldview. The history of the development of Falsafa includes the IX-XVI centuries. This is a special teaching that originates in the Arabian Peninsula and has had a significant impact on Western European culture. While Falsafa's goal was to revive the works of Plato and Aristotle, this task was carried out along the lines of the Muslim worldview and implemented through the Arabic language. The disputes and problems grouped around Falsafa are not subsiding now. The article covered this issue accordingly. It was about the propaganda of ancient natural sciences by the Islamic Filasuf of the Middle Ages from the point of view of the Muslim worldview. The main question in the article is the definition of the specifics of Falsafa and philosophy from the point of view of faith and knowledge. The main focus was on Western European philosophers and Muslim philosophers about religion. The article presents the views of such philosophers as Garifolla Yessim, A. A. Ignotenko, B. Ainabekov, S. Brabantsky, B. Russell, K. Armstrong, K. Jaspers, B. E. Bykhovsky.

Keywords: history of Falsafa, Muslim worldview, Islam, Arab-Muslim culture, Arabic language, religion, Islamic world, scholasticism, the concept of spouse, philosophical conclusions.

References

- 1 Esim, G. (2004). Falsafa tarikhy: qqulyq–khrestomatiia [History of Falsafa: textbook-anthology]. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 2 Ignatenko, A.A. (1983). Filosofskoe nasledie i sovremennaiia ideologicheskaiia borba v arabskikh stranakh [Philosophical heritage and modern ideological struggle in Arab countries]. *Filosofskoe nasledie narodov Vostoka i sovremennost — The philosophical heritage of the peoples of the East and modernity*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Bykhovskii, B.E. (1979). Siger Brabantskii [Seeger of Brabant]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 4 Esim, G. (2020). Dunietanym baiany [Story of worldview]. Almaty: “Dayr” [in Kazakh].
- 5 (1994). “Aqiqat” zhurnaly, 7, 42 [in Kazakh].
- 6 Losev, A.F. (1978). Estetika Vozrozhdeniia [Aesthetics of the Renaissance]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 7 Russell, B. (1998). Istoriia zapadnoi filosofii [History of Western Philosophy]. Rostov-on-the-Don: Feniks, 328, 329 [in Russian].
- 8 Abai.kz Aqparattyq portaly [Abai.kz information portal]. (n.d.). Abai.kz. Retrieved from: <https://abai.kz/post/6296> [in Kazakh].
- 9 Yaspers, K. (1994). Smysl i naznachenie istorii [The meaning and purpose of the story]. Moscow: Respublika [in Russian].
- 10 Armstrong, K. (2018). Iuadizm, khristiandyq pen islamdagy 4000 zhyldyq izdenis: Qudaitanu baiany [A History of God: The 4,000-Year Quest of Judaism, Christianity and Islam]. Almaty: Ul'tyq audarma biurosy. Qogamdyq qory [in Kazakh]